

with these requirements, the higher school teacher must be guided by the current trends in foreign language education. The pandemic has made adjustments to the process of organizing teaching, ways of organizing pedagogical interaction. In the distance educational process, an increasing place is taken by the organization of interactive communication between teachers and students.

The purpose of this research is to study the features of the organization of distance education (using the example of teaching English) in the context of the restrictions imposed by the COVID-19 pandemic. One hundred and twelve undergraduates studying at Toraighyrov University filled out the questionnaire. The results showed that the majority of undergraduates believe that the existing instructions and the educational resources provided do not help or do not help enough to develop professional competencies. The majority of respondents indicated that they do not use or do not use enough smart resources appropriate to their level of preparedness to improve the quality of education in the context of distance learning. These studies can be useful for adjusting educational programs for bachelor's and master's degrees in order to better meet the needs of students.

*Keywords:* COVID-19, high school, teaching, online learning, foreign language, competence, distance education, media competence, smart resources.

*Редакцияға 15.09.2022 қабылданды.*

МРНТИ 378.147.88

DOI 10.51889/6679.2022.25.15.012

*А.Қ.ТҰҒЫРОВА<sup>1</sup> \*, А.И.НИЯЗБАЕВА<sup>1</sup>, Қ.М.КЕҢЕС<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, (Алматы, Қазақстан)  
tugurova.aisulu98@gmail.com\*, almagul.niyazbayeva@kaznu.kz, kenges.qayrat@gmail.com*

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚТАРҒА АРНАЛҒАН ӨНДІРІСТІК ПРАКТИКАНЫ ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІГІ**

### *Аңдатпа*

Әлемдік білім беру жүйесінде, жоғары оқу орындарында техникалық мамандықтарды даярлау өндірістік практикамен қоса жүретіні мәлім. Өндірістік практика оқу-тәрбие процесінің ажырамас бөлігі және білім алушылардың болашақ кәсіби қызметімен байланыс нысандарының бірі болып табылады. Ол политехникалық білім беруді, еңбек тәрбиесі мен кәсіптік бағдар беруді жүзеге асыруға маман даярлауда оқу-тәрбие әлеуетін едәуір күшейтеді. Сонымен қатар өндірістік практиканың студенттердің біліктілігі мен білімін тәжірибе жүзінде шыңдауға көмектесетіні де сөзсіз.

Қазақстан Республикасының аумағында студенттерді өндірістік практикадан өткізу Білім және ғылым министрлігінің «Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы бұйрығына сәйкес жүргізіледі. Өндірістік практиканы өткізетін кәсіпорындар да осы бұйрыққа бағынады. Университет қабырғасында оқу барысында білім алушыларды практика жетекшілері алдын-ала даярлап, ақпараттық бағыттау жұмыстарын жүргізіп, студенттердің өндірістік орындарда дұрыс тәжірибе жинақтауын қадағалау қажет.

Мақалада Қазақстан Республикасы аумағындағы жоғары оқу орындарының өндірістік практиканы жүргізу ерекшеліктері талқыланып, шет елдік университет тәжірибелерімен салыстырылды. Сондай-ақ, практикадан өту кезеңдерін, оны жоспарлау мәселесін, өндіріс орындарының талаптарын, оларға қажет құжаттар жинағы туралы мәліметтерді зерделей келе, осы саладағы негізгі проблемалар анықталды. Туындаған мәселелерді шешу жолында міндеттер айқындалып, сол бойынша жұмыс жасалды.

*Кілт сөздер:* өндірістік практика, кәсіпорын, педагогикалық менеджмент, модернизация үдерісі, техникалық мамандық.

**Кіріспе.** Қазақстандық қоғамды дамытудың жаңа шарттары жоғары кәсіптік білім беру жүйесінің алдына жаңа басымдықтар мен міндеттер қояды. Бірінші кезектегі міндет-өзіндік ойлау стилі және қойылған міндеттерді шешуге өзіндік көзқарасы бар мамандарды даярлаудың сапалы жаңа деңгейін қалыптастыру [1]. Жоғары білім беруді мақсатты дамыту және жүйелі реформалау халықаралық білім беру стандарттарына сәйкестікті қамтамасыз етуге бағытталған білім беру процестерін ұйымдастыру мен мазмұнына жаңа тәсілдер әзірлеу қажеттілігін талап етеді [2].

Жалпы алғанда техникалық мамандықтарды дайындау келесі түрде болады:

- 1) аудиториялық сабақтар (дәріс, семинар, зертханалық жұмыс);
- 2) аудиториядан тыс орындалатын сабақтар (СӨЖ, СОӨЖ, т.б.);
- 3) оқу тәжірибесі мен кәсіптік практиканы жүргізу;
- 4) студенттердің білім деңгейін бақылау.

Аталған оқу формаларының ішіндегі жоғары оқу орындарының студенттерінің білім беру (таныстыру) тәжірибесінің мақсаты – оқу процесінде алынған теориялық білімдерді шоғырландыру және тереңдету, алғашқы дағдыларды меңгеру, іскерлік хат алмасу қабілетін меңгеру, мамандыққа сәйкес практикалық білімі мен дағдыларын меңгеру сияқты негізгі кәсіби ерекшеліктерді игеру, оқу [3]. Оқу (таныстыру) практикасының негізгі міндеті:

- 1) жоғары оқу орнының қызметінің негізгі бағыттарымен танысу;
- 2) мамандықпен және оның білім беру бағдарламасымен танысу;
- 3) болашақ мамандығы болып табылатын ұйымдардың ұйымдық-құқықтық нысанымен, құрылымымен, басқару жүйесімен жалпы танысу;
- 4) болашақ кәсіби қызметтің түрлерін, функцияларын және міндеттерін зерттеу;
- 5) іскерлік хат алмасуды және кеңсе жұмысын енгізуді үйрену;
- 6) еңбек ұжымында жұмыс дағдыларын меңгеру.

Оқу (таныстыру) практикасы жоғары

оқу орнында болашақ кәсіптік қызмет объектілері болып табылатын ұйымдарға оқу сапарларымен жүргізіледі және оқу жоспары білім беру бағдарламасының, мамандық профилінің талаптарына сәйкес жасалады.

**Негізгі бөлім.** Өндірістік практика және оның техникалық мамандықтарды дайындаудағы рөлі. Тек Қазақстан Республикасы аумағында ғана емес, әлемдегі білім деңгейі жоғары деген мемлекеттердің оқу бағдарламаларында да өндірістік практика техникалық мамандықтар үшін өте маңызды. “Теория және практика” дуализмі қатар жүретін ұғымды студенттік кезеңнен бастап алға тарту білім алушының кәсіби машықтануын баулиды.

Теория жүзінде алынған білімді практикада қолдануға тірек болғаннан басқа өндірістік тәжірибенің мынадай маңыздылығын атап өтуге болады [4]:

– алдымен, өндірістік практика кезінде студент әлеуметті түрде дамиды. Университет қабырғасындағы өмір – бұл шын өмірдің бір моделі ғана десек, өндіріс орнындағы жағдайлар білім алушыны коллективпен жұмыс жасау барысында өз ойын ашық білдіріп, бұйрықтарды орындауды, қойылған міндетті шешу барысында туындайтын мәселелерге жауапкершілікпен қарауды үйретеді;

– өндірістік практиканың тағы бір мүмкіндігі – болашақ маманға шикізат материалымен, дайын өніммен байланысты құжаттармен жұмыс жасап үйренуі. Сонымен қатар практика кезінде техникалық қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау сынды сұрақтар да оқу бағдарламасында студентке берілмейтін мәліметтер болып табылады.

– өндірістік практика студентке оның жұмысының оң және теріс тұстарын көруге мүмкіндік береді. Сондықтан, тәжірибеден өткен студент мамандықтан таңдау жасай алады [5].

– Оқыту сатысына байланысты өндірістік практика бірнеше түрде болуы мүмкін. Танысу – студенттері (кіші курстар) оған тікелей қатыспай, өндірістік процестің ерекшеліктерін бақылайды. Технологиялық

– өндіріске белсенді қатысу, басшының нұсқауларын дәл орындау. Диплом алды - білім беру бағдарламасын игергеннен кейін жоғары курстарда өткізіледі және диплом жазу кезеңдерінің бірі болып табылады. Практика кезеңі (әдетте екі-төрт апта) оқу уақытына кіреді және факультет деканының бұйрығымен белгіленеді. Әдетте, бакалаврлар үшінші (2 апта) және төртінші курстарда (ай), магистрлер – жылына екі рет төрт апта машықтанушы болады. Бітірушілер үшін өндірістегі тәжірибе диплом алдындағы практикаға ауысады.

Өндірістік практиканы ұйымдастырумен ЖОО айналысады. Бірінші кезеңде университеттер мен институттардың оқу-ғылыми бөлімдерінің басшылары даярлаудың барлық бағыттары мен бейіндері үшін бағдарламалар әзірлейді. Содан кейін практикадан өту туралы шарттар жасалатын базалық кәсіпорындарды іріктеу жүргізіледі. ЖОО студенттерді ұйымдар мен компанияларға таратқаннан кейін университеттің басшысы тағайындалады, ол жеке тапсырмаларды құрастыруы керек. Дайындықтың соңғы кезеңінде ректордың бұйрығымен студенттерді жіберу және практиканы өткізу мерзімі бекітіледі.

Егер студент өзі таңдаған кәсіпорында өндірістік тәжірибеден өтпек болса, онда компания оқу орнына кепілдік хатын жіберуі керек, онда ол университеттің академиялық жоспарында белгіленген мерзімде жұмыс істеуге мүмкіндік беретінін растайды. Әдетте, өндірістік практикадан жеке өту студент қабылдайтын ұйым мен университет жасасқан келісім-шартпен ресімделеді. Тәжірибе аяқталғаннан кейін бұл жағдайда сізге анықтама қажет болуы мүмкін. Кәсіпорындағы жұмысты аяқтағаннан кейін студент 5-7 күн ішінде жетекшіге практика бағдарламасында белгіленген стандарт бойынша есеп беруі керек. Әдетте тағы бір-екі аптадан кейін баяндама тыңдалады және кафедра отырысында бекітіледі. Өндірістік машықтану бағдарламасын дәлелді себеппен орындамаған студенттер қосымша мерзімдерде кәсіпорынға қайта, бірақ компаниямен келісілген жеке жоспар бойынша

жіберіледі. Құжатпен дәлелденген себепсіз тапсырмаларды орындай алмаған немесе есеп үшін сәтсіздікке ұшыраған адамдар академиялық қарызы бар деп саналады және қорытынды аттестаттауға жіберілмейді [6].

Еліміздегі өндірістік практика. Қазақстан Республикасы аумағынданы жоғары оқу орындарында өндірістік практика «Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №107 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылады. Бұйрық бойынша білім беру ұйымдары білім алушыларды кәсіптік практикадан өтуі үшін алдын ала айқындалған кәсіпорындарға жібереді [6]. Кәсіптік практика мерзімі, базасы білім беру ұйымының басшысымен рәсімделген соң, студентке жолдама беріледі. Өндірістік практикада білім алушылардың жұмыс күнінің ұзақтығы жасына және өндірістік жағдайларға байланысты жұмысшылардың тиісті санаттарына арналған қолданыстағы еңбек туралы заңнамаға сәйкес кәсіпорындарда (ұйымдарда) 6 академиялық сағатты құрайды. Өндірістік практика қорытындылары бойынша білім алушы кәсіптік практиканың бағдарламасын орындағаны туралы еркін нысанда жазбаша есепті, күнделік-есепті тапсырады. Білім беру ұйымдарында өндірістік практиканың жазбаша есебі кәсіпорыннан (ұйымнан) жетекшінің ұсыныстарын ескере отырып, білім беру ұйымы бағалайды. Ал өндірістік практика құрылымы бойынша мынадай кезеңдерді қамтиды: дайындық кезеңі, негізгі кезең, қорытынды кезең. Дайындық кезеңінде студенттер техникалық қауіпсіздік, есеп жазу, практика күнделігін толтыру бойынша нұсқаулықтардан өтеді, кәсіпорынның құрылымымен танысады. Екінші кезеңде кәсіпорын базасымен, өндірістік қызметімен танысып, жоспарлы технологиялық құжаттамамен, өндіріс экономикасые еңбекті ұйымдастыру нысандарымен, инженерлік-техникалық қызметтермен танысады. Бұл кезеңде студенттерге алдын ала бекітілген

қызметтер бойынша, әр студент өз міндетін атқарады. Өндіріс құралдарын пайдалану арқылы, кәсіпорында қызмет етеді. Қорытынды кезеңде студент белгілі уақыт аралығында жиналған ақпаратты өңдеп, талдау жүргізіп, практика бойынша есепті қорғауға дайындалады. Білім беру мекемесіне тиесілі құжаттарды, практикадан өту нәтижелерін тапсырады.

**Зерттеу әдістері.** Шет ел университеттеріндегі өндірістік практиканың ерекшеліктері. Барлық дерлік мемлекеттердегі техникалық мамандық студенттерін даярлаудағы маңызды кезеңдердің бірі – өндірістік практика. Өндірістік практиканың мақсаты бір болғанымен, әр елде оған қойылатын талап әр түрлі. Мысалы, Америка Құрама Штаттарында жүргізілетін өндірістік практиканы қарастырсақ, оның мақсаты мен бағыты бір болғанымен, жүргізілу тәртібі мен түрлерінен ерекшеленеді. Бұл ретте Америка Құрама Штаттарында университет қабырғасына арналған ақылы өндірістік практика бағдарламалары бар. Мысалы, “Career Fair”, “Federal Work-Study”, “Career Services” т.с.с., және де олкәсіпорындар университет әкімшілігі арқылы болашақ қызметкерлерді олармен әңгімелесуден өткізу нәтижесінде таңдауымен ерекшеленеді. Кемінде жылына 3 рет өткізілетін таңдау нәтижесінде, студенттер сағатына 8,5 АҚШ доллары көлемінде жалақы ала алады. Бұндай өндірістік практиканы ұйымдастыру бағдарламалары мамандардың келешекте жұмысқа тез орналасып, өндіріс орнына жылдам бейімделуге көмектеседі [8]. АҚШ-та алғашқы өндірістік тағылымдамалардың екі түрі бар. Жұмыс тәжірибесін алу үшін тағылымдама. Көбінесе практика кезеңі кейбір оқу орнында оқудың екінші немесе үшінші жылында басталады. Бұл кезең екі айдан бір толық жылға дейін созылады. Осы уақыт ішінде студент университетте алған білімдерін практикалық қолдануды күтеді.

Ал оқу деңгейі жоғары болып саналатын Голландия елінде өндірістік практика кезеңінен тыс, дәріс, семинар сабақтары өндірістік кәсіпорындарда, коммерциялық компанияларда, мемлекеттік немесе

халықаралық ұйымдарда өткізіледі. Себебі олар өз оқу процестерінде проблемалық оқыту әдісін (Problem Based Learning, PBL) қолданады. Бұл тәсіл студенттерге күрделі практикалық мәселелерді шешу арқылы жаңа білім алуға мүмкіндік береді [9].

Канадада университеттер өндірістік практиканы «co-ops» деп аталатын бағдарламалармен өткізеді. Көбінесе конкурстық негізде студенттерге практикадан өту құқығы үшін бәсекелесуге тура келеді, өйткені орындар саны шектеулі. Әдеттегі ұзақтығы төрт айды құрайтын практика жазғы демалыс кезінде немесе оқу жылы кезеңінде созылады. Кейбір практикалар төленбесе де (атап айтқанда, медиа саласы, PR агенттіктерінде), көптеген канадалық кәсіпорындар студенттерге ақы ұсынады. Студенттерге әрдайым бастауыш лауазымдар берілмейді, бірақ кейде олар орташа деңгейлі лауазымдарға ие болады.

Италияда қолданылатын Болон жүйесі барлық дерлік бакалавриат және магистратура студенттері үшін (әсіресе техникалық және экономикалық факультеттердің студенттері үшін) міндетті түрде практикадан өтуді қамтамасыз етеді. Болон процесінің мақсаты-итальяндық университеттер ұсынатын компаниялар мен білімнің (көбінесе тек теориялық) талаптары арасындағы айырмашылықты азайту. Алайда, жоғары оқу орындарының студенттері әдетте университеттерде тәжірибеден өтетіндіктен, мұндай практикалар көбінесе нақты жұмыс тәжірибесі ретінде қарастырылмайды. Осылайша, белгілі бір салада қажетті кәсіби дайындық пен әлеуетті жұмысқа орналасуға үміттенген барлық студенттер оқу орнын бітіргеннен кейін қайта тәжірибеден өтуі керек. Италияда стандартты практика кезеңі 6 ай, бірақ бұл кезең тағы алты айға созылуы мүмкін. Италияндық компанияларда тағылымдамадан өту ақылы да, ақы төленбейтін де болады. Жазбаша жұмыс жазбайтын практиканттар әдетте ақша алмайды [10].

Атақты Кембридж университетіндегі инженерия курсының талабы бойынша студенттер оқуға түсуді кейінге қалдыру неме-

се демалыс кезінде алған үшінші жылдың аяғында алты апталық өндірістік тәжірибеден өтуі керек. Өнеркәсіптегі жұмысқа орналастыру жөніндегі штаттық үйлестіруші, яғни куратор, кейінге қалдырылған талапкерлер мен студенттерге лайықты жұмысқа орналасуға (Ұлыбританияда және шетелде) және демеушілікке көмектеседі [11].

Ал көрші мемлекет Ресей университетеріндегі талап бойынша студенттерге 4 курсқа дейін өндірістік практикадан өту керек. Практика 1-1,5 айға созылады. Студент практиканы аяқтаған соң, кәсіпорын атынан “Жеке тапсырма” қағазын толтырады, есеп береді және практикадан емтихан тапсырады. Емтиханда мынадай сұрақтар болуы мүмкін: Зерттеуде қолданылатын әдістерді таңдауды негізденің; тәжірибе жасау үшін технологиялық стек таңдауды негізденің; зерттеу жүргізілетін пәндік аймақты сипаттаңыз. Нәтижесін студент кураторы, кәсіпорын атынан бекітілген қызметкер және практика жетекшісі бағалайды. Егер кәсіпорында өтетін практикант 4 курс студенті болса, яғни дипломалды практика болса, онда уақыт та көбейеді: 16-18 жас үшін аптасына 35 сағатқа дейін; 18 жастан жоғары болса, аптасына 40 сағатқа дейін.

**Зерттеу нәтижелері.** *Өндірістік практика кезінде туындайтын мәселелер және оны шешу жолдары.* Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының аумағында білім беру жүйесін модернизациялау үрдісі жүріп жатыр. Модернизациялау үрдісі “құзыретті тәсіл” терминімен түсіндіріледі. Құзыретті тәсіл студентке білімді жеке емес, кешенді

түрде алуды қамтамасыз етеді. Бұл әдіс оқу үрдісінің болашақ мамандардың еңбегін ақпараттандыру, интеллектуаландыру, әлеумет-тендіруге бағытталған жаңа заманауи өндірістік талаптарға сай дамуына мүмкіндік береді.

Кәсіптік білімнің мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес, жас мамандар жалпы және кәсіби құзыреттілікке ие болуы керек, оның ішінде олар өз қызметін ұйымдастыру, кәсіби міндеттерді орындау әдістері мен тәсілдерін таңдау, олардың тиімділігі мен сапасын бағалау, әртүрлі жағдайларда шешім қабылдау, кәсіби және жеке даму міндеттерін өз бетінше анықтау, өзін-өзі тәрбиелеумен айналысу, біліктілікті арттыруды саналы түрде жоспарлау, сондай-ақ кәсіби қызметте технологиялардың жиі өзгеруі жағдайында бағдарлану. Осылайша, жаңа білім беру стандарттары білім алушыға таңдалған салада жұмыс істеу үшін негізгі кәсіби білім беру бағдарламасымен анықталған білім деңгейін игеріп қана қоймай, қажет болған жағдайда жетіспейтін білімді өз бетінше алуға үйренуге мүмкіндік береді. Дегенмен, жоғарыда аталған дағдыларды бірден меңгеруге біздің студенттер дайын емес. Оның басты себебі, теориялық дайындық пен кәсіпорындардың қоятын талаптарының арасындағы елеулі алшақтық.

Бұл алшақтықтың салдарынан болашақ мамандар оқуды аяқтаған соң жұмыссыздыққа тап болады. 2021 жылғы қорытынды статистика бойынша 18-25 жас арасындағы жұмыссыздар үлесі 73,3 мың адам болды (1-кесте) [12].

Кесте 1

**Еңбек индикаторының негізгі индикаторы, 2021 ж. (жұмыссыздық көрсеткіші)**

	Барлығы	Оның ішінде	
		ерлер	әйелдер
Жұмыссыз халық, мың адам	450,4	197,7	252,7
Жұмыссыздық деңгейі, пайызбен	4,9	4,1	5,6
15-28 жастағы жұмыссыздар, мың адам	73,3	30,0	43,3
Жастар жұмыссыздығының деңгейі, пайызбен (15-28 жастағы) <sup>2</sup> □	3,7	2,8	4,7
Ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейі, пайызбен	2,3	1,7	2,9

Демек, жоғары оқу орнын аяқтаған студенттерінің азуақыт аралығында жұмысқа ие болу кепілдігі мен мүмкіндігі төмен деңгейде. Оған басты себеп, өндірістік практикадан тек 3 рет өткен студенттен кем дегенде 1 жылдық жұмыс, ұжыммен жұмыс жасау тәжірибесін сұрап, өндірістік құралдармен жұмыс істеу біліктіліктеріне жоғары талаптар қояды. Осы сияқты талаптарға жауап бере алмайтын, тәжірибесі жоқ не тәжірибесі аз студент өз мамандығынан тыс салада жұмыс жасауға мәжбүр болады. Ал бұл проблема біздің өндірістік практиканы ұйымдастыра алмауымыздың салдарынан туындайды.

Өндірістік практика – бұл ұйымдастырушылық және әдіснамалық тұрғыдан оқу процесінің күрделі түрі, өйткені оны жүзеге асыру үшін өндіріс пен оқу орнының мүдделерін біріктіріп, оқу процесін кәсіпорындардың практикалық міндеттеріне бейімдеу қажет екенін ұмытпаған жөн.

Жоғарыда келтірілген мәліметтерді талдай отыра, біз зерттеу жұмысымызда еліміздегі жоғары оқу орындарының өндірістік практиканы ұйымдастырудағы басты проблемалары:

Өндірістік практикадан өтетін студентке өндіріс орны туралы, практика кезіндегі атқаратын қызметі туралы мәліметтің жетіспеуі, яғни студенттің арнайы даярлық кезеңінен өтпеуі.

Өндірістік практикадан өту орындарының тұрақсыздығы. Бұл мезетте әр мамандық студенттеріне белгілі кәсіпорындар бекітіліп, кәсіпорын мен университет арасындағы ұзақ мерзімді келісімшарт жасалу мүмкіндігі қарастырылуы қажет.

Студенттердің бірнеше тобына бір ғана практика жетекшісінің тағайындалуы. Ал бір топ студенттерінің өзі кемінде 12-13 адамды құрайды. Практика жетекшісі студенттерге нақты мәліметтер беріп, олармен жеке жұмыс жасауға үлгере алмайды.

Студенттердің практикасына бөлінетін сағаттың аздығы. 2 немесе 4 аптада студенттер әртүрлі қызмет салаларында жұмыс істеп үлгере алмайды. Қысқа уақыттағы тәжірибе белгілі бір жұмыс орнында жұмысқа орналасу мүмкіндігін азайтады.

Өндірістік практиканы ұйымдастыратын арнайы қосымша бағдарламалардың болмауы.

Туындаған мәселелерді шешу үшін, ең алдымен, университет студенттері мен түлектерін жұмыспен қамту орталығы оқу жоспарларында қарастырылған өндірістік практиканың барлық түрлері бойынша ұйымдастырушылық жұмысты өз мойнына алуы керек. Студенттерге бағыттаушы әрі практика жетекшісін еркін таңдауға рұқсат берілуі қажет. Практиканың тиімділігін арттыру үшін практиканы басқаруды жүзеге асыратын оқытушылардың жүктеме нормативтерін қайта қарау қажет. Бұл, жоғары оқу орны және кәсіпорын тағайындаған практика жетекшілерінің өзара іс-қимылын кеңейтуге мүмкіндік береді, сондай-ақ оқытушыларға практикадан өту кезеңінде күнделікті жеке консультациялар өткізуге мүмкіндік береді. Студент факультет оқытушыларының бірімен өндірістік практика бойынша тәлімгерлік туралы келіседі. Студент онлайн-жиналыс арқылы мұғалім/тәлімгерді таңдау арқылы келісім расталады. Одан соң, студенттің мамандығына сай университетпен келісім шартқа отырған кәсіпорындардың тізімін оқытушы студентке ұсынады. Координатор әрі практика жетекшісі таңдалған кәсіпорынның айналысатын жұмысы туралы студентке ақпарат береді. Бұның барлығы өндірістік практика басталғанға дейін 1 айдан кешіктірмей жүргізілуі тиіс. Әрі қарай білім беру мекемесі мен кәсіпорын арасында келісімшарт толтырылып студент практикаға жіберіледі. Практика мерзімі аптасына 40 сағат, 3 ай уақытқа созылуы керек. Сол кезде өндірістік практика нәтижелі болады. Ал мемлекет атынан немесе кәсіпорын атынан студентке шағын шәкіртақы ретінде ақысы төленуі керек. Бұл студенттің практикадан белсенді түрде өтуге құлшынысын арттыратыны сөзсіз. Сонымен қатар студенттердің кәсіби дайындық дағдылары мен білімдерінің қалыптасу деңгейін бағалау үшін университеттің сапа менеджменті бөлімі сауалнамалар әзірлеп, практика нәтижелері бойынша студенттерге сауалнама жүргізу керек, сонымен

қатар студенттердің білімі мен дағдыларын бағалау үшін кәсіпорынның практика жетекшілерінен сауалнама жүргізуі керек [13].

Сонымен қатар Пак Ю.Н [14] мақаласында жазылғандай, өндірістік практикадан өту кезінде студенттерге кәсіпорында тағайындалған жауапты қызметкер немесе бригадир операция аралық және қорытынды бақылауды ұйымдастыруы қажет. Мұндай бақылау көп сатылы сипатта болуы тиіс: өзін-өзі бақылау, бригадирдің бақылауы, сапаны бақылау бөлімінің жұмысты бақылауы. Сондай-ақ, өндірістік жиналыстар, топтық жиналыстарға практикант студенттерді міндетті түрде қатыстыру қажет. Себебі осы сияқты жиналыстарда студенттер мен білікті жұмысшы-бригадирлер арасындағы қарым-қатынас орнатылады, көптеген жұмыстар қорытындыланады, жаңа міндеттер жоспарланып талқыланады. Бұндай әдіс студенттердің өндірістік практикадан эффективті өтуін қамтамасыз ғана етпей, олардың біліктілігін арттырады.

Жоғарыда тоқталғандай, Еуропа және АҚШ елдерінің жоғары оқу орындары аталған мәселелердің алдын алу мақсатында студенттерге университет жанынан олардың өндірістік практика кезеңіне жауапты орталықтар ашып, олардың қызметін тағайындайды. Америка Құрама Штаттарында бұрыннан келе жатқан дәстүр бойынша 900-ден астам американдық университеттер мен колледждер бірлескен оқу бағдарламаларын ұсынады. Жалпы бірлескен білім беру - бұл университеттің академиялық бағдарламалары мен кампусан тыс жұмыс тәжірибесін ұсынатын кәсіби жұмыс берушілер арасындағы

серіктестік. Кәсіпорыннан тағайындалған жетекші оқу үрдісі кезеңін бақыласа, университетте тағайындалған жетекші керісінше кәсіпорындағы жұмысыңызды қадағалайды. Осылайша екі жақ студенттің білім алуы мен жұмыс жасап, қосымша табыс табуына көмектеседі [15].

**Қорытынды.** Қазіргі таңда, білімді, білікті мамандарды даярлау заманауи білім беру жүйесіне сай күннен күнге дамып келе жатыр. Техникалық мамандық студенттерін даярлауда, құзыреттіліктерін арттыру мақсатында жоғары оқу орындарының өндірістік практика кезеңіне аса мән қоюда.

Ұйымдастырушылық пен әдіснамалық тұрғыдан оқу процесінің күрделі түрі өндірістік практиканы өткізу алдында университет сайлаған практика жетекшісі ақпараттық танысу сағатын жүргізіп, кәсіпорынмен, ол жерде өтетін зертханалық жұмыстармен таныстырып, студенттердің қызығушылығын арттыру керек деп санаймыз. Сонымен қатар, шетелдік университеттердегі өндірістік практикадан өту кезеңдеріне сүйене отыра, барлық туындайтын мәселелердің шешімі – дұрыс құрастырылған бағдарлама деген қорытынды жасалды. Сондықтан, жоғарыда келтірілген мәселелердің шешімдері Қазақстандық жоғары оқу орындарына арналған өндірістік практикадан өту бағдарламасын құрастырып, студенттердің болашақтағы өз мансап жолдарын құрастыруға негіз болатындай инженерлік-өндірістік даярлау әдісі бойынша студенттің жыл сайын бір кәсіпорыннан, бірақ әр түрлі қызметте өндірістік тәжірибеден өтуін қадағалау қажет деген ұсыныс білдіреміз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*

[1] Stek K. Personality Development in Higher Education in the Era of Industry 4.0: Comparing Educational Practices and Philosophies in Industry 1.0 and Industry 4.0 // Smart Industry – Better Management.- 2022 - Vol. 28- pp. 35-50. URL: <https://doi.org/10.1108/S1877-636120220000028005>

[2] ГОСО РК 5.04.019 – 2008 Высшее образование. Основные положения. – Астана, 2008. URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30203896](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30203896)

[3] Макрушин Р.Д. Подготовка инженеров: от базовой теории к инновационным разработкам. роль производственных методических разработок // Международный журнал экспериментального образования. – 2018. – № 8. – С. 24-29. URL: <https://expeducation.ru/ru/article/view?id=11827> (дата обращения: 27.09.2022).

- [4] Майсеит Ч. Теория и практика. [Электронный ресурс]. – 2018 – URL: [https://el.kz/ru/news/nauka/teoriya\\_i\\_praktika/](https://el.kz/ru/news/nauka/teoriya_i_praktika/) (Дата обращения: 15.11.2018)
- [5] Иванов О.Н., Иванова Л.Ю. Модель процесса формирования готовности студентов к реализации воспитательных возможностей // Международный журнал экспериментального образования. – 2020. – № 1. – с. 22-26 URL: <https://expeducation.ru/ru/article/view?id=11943> (дата обращения: 27.09.2022).
- [6] С туденттерге арналған өндірістік тәжірибе. [Электронды ресурс]. – 2019. – URL: <https://edunews.ru/students/primenenie/praktika-dlya-studentov.html#w5>
- [7] Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 107 бұйрығы [Электронды ресурс] - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013395>
- [8] Полина П.В. Опыт университетов США по организации производственной практики студентов [Электронды ресурс]- URL: <https://prezi.com/9uuhm5q0fjx5/presentation/>
- [9] A. Coelho, f. Costa, j. Costa, o. Martins The problem-based learning (pbl) applied to higher professional training course // Edulearn19 proceedings. - 2019 - pp. 5542-5547. URL: <https://library.iated.org/view/COEL-NO2019PRO>
- [10] Рубеж. Стажировки – мировой опыт. [Электронды ресурс] – URL: <https://ru-bezh.ru/journal-3/17058-stazhirovk-i-%E2%80%94-mirovoj-opyit>
- [11] Инженерия в Кембридже. [Электронды ресурс] – URL: <https://www.undergraduate.study.cam.ac.uk/courses/engineering>
- [12] Еңбек және жұмыспен қамту статистикасы (2021). Салалар бойынша ресми статистика [Электронды ресурс]- URL: [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)
- [13] Дубровская Ю.А., Пихконен Л.В. Организационные принципы защиты отчетов студентами технических вузов по результатам практической подготовки // Международный журнал экспериментального образования. – 2019. – № 6. – С. 12-16. URL: <https://expeducation.ru/ru/article/view?id=11915> (дата обращения: 27.09.2022).
- [14] Пак Ю.Н., Коккоз М.М., Пак Д.Ю., Солодовникова И.В., Шильникова И.О. Бакалавриат производственного направления в системе высшего образования Казахстана // Международный журнал экспериментального образования. – 2018. – № 4-2. – С. 107-112. URL: <https://expeducation.ru/ru/article/view?id=11448> (дата обращения: 27.09.2022).
- [15] Goetze T. The concept of a university: theory, practice, and society // Danish Yearbook of Philosophy, - 2019 - 52 (1) - pp. 61-81. URL: <https://eprints.whiterose.ac.uk/143833/>

#### References

- [1] Stek K. Personality Development in Higher Education in the Era of Industry 4.0: Comparing Educational Practices and Philosophies in Industry 1.0 and Industry 4.0 // Smart Industry – Better Management.– 2022 – Vol. 28 – pp. 35-50.
- [2] GOSO RK 5.04.019 – 2008 Vyssee obrazovanie. Osnovnye polozheniia. – Astana, 2008. URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30203896](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30203896)
- [3] Makrushin R.D. Podgotovka inzhenerov: ot bazovoi teorii k innovatsionnym razrabotkam. rol proizvodstvennykh metodicheskikh razrabotok // Mezhdunarodnyi zhurnal eksperimentalnogo obrazovaniia. – 2018. – № 8. – С. 24-29. URL: <https://expeducation.ru/ru/article/view?id=11827> (data obrashcheniia: 27.09.2022).
- [4] Maiseit Ch. Teoriia i praktika. [Elektronnyi resurs]. – 2018 – URL: [https://el.kz/ru/news/nauka/teoriya\\_i\\_praktika/](https://el.kz/ru/news/nauka/teoriya_i_praktika/) (Data obrashcheniia: 15.11.2018)
- [5] Ivanov O.N., Ivanova L.Iu. Model protsesssa formirovaniia gotovnosti studentov k realizatsii vospitatelnykh vozmozhnostei // Mezhdunarodnyi zhurnal eksperimentalnogo obrazovaniia. – 2020. – № 1. – с.22-26 URL: <https://expeducation.ru/ru/article/view?id=11943> (data obrashcheniia: 27.09.2022).
- [6] Studentterge arналған ondiristik tazhıribe. [Elektronny resurs]. – 2019. – URL: <https://edunews.ru/students/primenenie/praktika-dlya-studentov.html#w5>
- [7] Qazaqstan Respublikasy Bılım jane gylym ministrinın 2016 jylgy 29 qantardagy № 107 buirygy [Elektronny resurs] - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013395>



[8] Polina P.V. Opyt universitetov SShA po organizatsii proizvodstvennoi praktiki studentov [Elektronny resurs] – URL: <https://prezi.com/9uuhm5q0fjx5/presentation/>

[9] A. Coelho, f. Costa, j. Costa, o. Martins The problem-based learning (pbl) applied to higher professional training course // Edulearn19 proceedings. – 2019 – pp. 5542-5547. URL: <https://library.iated.org/view/COEL-HO2019PRO>

[10] Rubezh. Stazhirovki – mirovoi opyt. [Elektronny resurs] – URL: <https://ru-bezh.ru/journal-3/17058-stazhirovki-%E2%80%94-mirovoj-opyt>

[11] Inzheneriia v Kembridzhe. [Elektronny resurs] – URL: <https://www.undergraduate.study.cam.ac.uk/courses/engineering>

[12] Enbek zhane jumyspen qamtu statistikasy (2021). Salalar boiynsa resmi statistika [Elektronny resurs]- URL: [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)

[13] Dubrovskaia Iu.A., Pikhkonen L.V. Organizatsionnye printsipy zashchity otchetov studentami tekhnicheskikh vuzov po rezultatam prakticheskoi podgotovki // Mezhdunarodnyi zhurnal eksperimentalnogo obrazovaniia. – 2019. – № 6. – S. 12-16. URL: <https://expeducation.ru/ru/article/view?id=11915> (data obrashcheniia: 27.09.2022).

[14] Pak Iu.N., Kokkoz M.M., Pak D.Iu., Solodovnikova I.V., Shilnikova I.O. Bakalavriat proizvodstvennogo napravleniia v sisteme vysshego obrazovaniia Kazakhstana // Mezhdunarodnyi zhurnal eksperimentalnogo obrazovaniia. – 2018. – № 4-2. – S. 107-112. URL: <https://expeducation.ru/ru/article/view?id=11448> (data obrashcheniia: 27.09.2022).

[15] Goetze T. The concept of a university: theory, practice, and society // Danish Yearbook of Philosophy, - 2019 – 52 (1) – pp. 61-81. URL: <https://eprints.whiterose.ac.uk/143833/>

### **Специфика проведения производственной практики для технических специальностей в республике казахстан**

*А.К. Тугырова<sup>1</sup>, А.И. Ниязбаева<sup>1</sup>, К.М. Кенес<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, (Алматы, Казахстан)*

#### *Аннотация*

Как известно, подготовка технических специальностей в мировой системе образования, вузах сопровождается производственной практикой. Производственная практика является неотъемлемой частью учебно-воспитательного процесса и одной из форм связи с будущей профессиональной деятельностью обучающихся. Она значительно усиливает учебно-воспитательный потенциал в подготовке специалистов к осуществлению политехнического образования, трудового воспитания и профессиональной ориентации. Кроме того, производственная практика помогает повысить квалификацию и знания студентов на практике.

Проведение производственной практики студентов на территории Республики Казахстан проводится в соответствии с приказом Министерства образования и науки от 2016 года «Об утверждении Правил организации и проведения профессиональной практики и правил определения организаций в качестве баз практики». Предприятия, проводящие производственную практику, также подчиняются этому приказу. Во время обучения в стенах университета необходимо проводить предварительную подготовку обучающихся руководителями практики, проводить информационно-ориентированную работу, следить за приобретением студентами правильного опыта на производственных площадках.

В статье, изучив этапы прохождения производственной практики, проблеме ее планирования, требования к производственным помещениям, сведения о необходимом для них сборнике документов, выявлены основные проблемы в данной сфере. Для решения возникших проблем были определены задачи, над которыми была проделана работа.

*Ключевые слова:* производственная практика, предприятие, педагогический менеджмент, процесс модернизации, техническая специализация.

**Specifics of conducting industrial practice for technical specialties in the republic of kazakhstan***A.K. Tugyrova,<sup>1</sup> A.I. Niyazbaeva<sup>1</sup>, K.M.Kenges<sup>1</sup>**<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, (Almaty, Kazakhstan)**Abstract*

As you know, in the world education system, training of technical specialties in higher educational institutions is accompanied by industrial practice. Industrial practice is an integral part of the educational process and one of the forms of communication with the future professional activity of students. It significantly strengthens the educational potential in the training of specialists for the implementation of Polytechnic Education, Labor Education and career guidance. In addition, industrial practice will undoubtedly help to improve the skills and knowledge of students in practice.

Conducting internships for students on the territory of the Republic of Kazakhstan is carried out in accordance with the order of the Ministry of Education and Science of 2016 “On approval of the Rules for the organization and conduct of professional practice and the rules for determining organizations as practice bases”. Enterprises conducting industrial practice are also subject to this order. During training at the university, it is necessary to prepare students in advance by practice managers, conduct information guidance work, and monitor the correct experience of students in production facilities.

After studying the stages of industrial practice, the issue of its planning, the requirements of production facilities, information about the set of documents required for them, the main problems in this area were identified in the article. Tasks were defined and work was carried out to solve the problems that arose.

*Keywords:* production practice, enterprise, pedagogical management, modernization process, technical specialty.

*Редакцияға 19.10.2022 қабылданды.*

FTAMP 14.35.09

DOI 10.51889/5876.2022.38.71.019

*A.A.КАЛИАСКАРОВА<sup>1</sup>, Т.Н.ЖУНДЫБАЕВА<sup>1</sup>**<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, Алматы, Қазақстан  
ainuramanovna@gmail.com, turarkhan.2011@mail.ru***МАГИСТРАНТ СТУДЕНТТЕРДІҢ АРАЛАС ОҚЫТУ (BLENDEDLEARNING)  
ТЕХНОЛОГИЯСЫНА ДЕГЕН КӨЗҚАРАСЫ***Аңдатпа*

Қазақстанда аралас оқытудың мәселелері осы күнде көп айтылып, жан- жақты зерттелуде. Алайда, педагогика мамандығы бойынша оқитын магистрантстуденттердің аралас оқыту формасы туралы көзқарасы жөнінде зерттеулер жоқ, сондықтан осы зерттеу өте өзекті. Жұмыстың мақсаты аралас оқытудың мәселесін зерттей отырып, педагогикалық бағытта оқитын магистранттардың аралас оқытуға деген көзқарастарын анықтау. Жұмыстың міндеті: аралас оқытудың мәнін айқындау; аралас оқыту форматының шет ел және отандық оқуорындарындағы мәселесін анықтау; Қазақстандағы педагог магистранттардың аралас оқытуға деген көзқарасын анықтау. Авторлар өз мақсаттарына жету үшін сауалнама жүргізді. Сауалнама онлайн түрінде Google Form платформасында жүргізілді. Сауалнамаға 76 магистрант қатысты және оның нәтижесінде магистранттардың басым бөлігінің аралас оқыту технологиясымен таныс екенін, оны білетіндігін, бұл форматты қолдайтындықтары байқалды. Аралас оқыту онлайн оқыту мен дәстүрлі бет-